

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 25 желтоқсан N 583

"Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандағы N 1226 P961226_ қаулысының 3-тармағын орындау үшін:

1. Бақылау-өткізу пункті құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобалары жөніндегі ведомствоаралық тендерлік комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ведомствоаралық комиссия:

БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобаларына тендер ұйымдастыру туралы ереже әзірлесін және оны бекітсін;

БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандыру жобаларына арналған тендерлік тапсырма дайындасын;

БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобасын таңдау

жөнінде тендер өткізсін және тендердің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

бір апта мерзім ішінде ведомствоаралық комиссияға БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобасына бастапқы талаптар жөнінде ақпарат ұсынсын;

тендердің нәтижелерін жариялағаннан кейін бір апта мерзім ішінде тендердің жеңімпазымен БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобасына контракт жасасатын болсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 желтоқсандағы
N 583 өкіміне
қосымша

БӨП құрылысының және оны техникалық жарақтандырудың жобалары жөніндегі ведомствоаралық тендерлік комиссияның

ҚҰРАМЫ

- Байжасаров Б.З. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, төраға
- Нарызбаев Н.Е. - Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Төрағасының орынбасары, тең төраға
- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Жүсіпбаев А.А. - Қазақстан Республикасының экономика министрлігі Құрылымдық және инвестициялық саясат бас басқармасының бастығы
- Акуев М.И. - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі МАИ қалалық басқармасының бөлім бастығы
- Күленов Б.К. - Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы бастығының міндетін атқарушы
- Өмірзақов А.Ө. - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бөлімінің бас инспекторы
- Кособрюхов В.И. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Алматы арнаулы жобалау институты фирмасының директоры
- Шорабеков А.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің бөлім бастығы, хатшы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК